

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

среды: налоговое окружение, инфляция, колебания курсов валют, используемых предприятием для денежных расчетов, и др.

Преимущества Project Expert. Аналитическая система Project Expert позволяет:

- Создавать финансовые модели для принятия решений в области инвестиций;
- Предоставлять финансовые отчеты кредиторам и инвесторам;
- Разрабатывать планы развития компаний и прорабатывать их финансовую и инвестиционную стороны [5].

Project Expert подходит для моделирования деятельности предприятий различных масштабов и отраслей. Ее можно с успехом использовать как в небольших компаниях, так и в холдинговых структурах. Программа идеальна для решения вопросов бизнес-планирования в банковском бизнесе, строительстве, промышленности, машиностроении, аэрокосмической отрасли, нефтепереработке, энергетике и т.д.

Литература:

1. Голов Р. С., Балдин К. В., Передеряев И. И. и др. Инвестиционное проектирование. 2-е изд. ИТК Дашков и К., 2012 г. – 368 с.
2. Золотогоров В. Г. Инвестиционное проектирование. – М.: Книжный дом, 2005 г. – 368 с.
3. Чистов Д. В., Алиев В. С. Бизнес-планирование с использованием программы Project Expert. – М.: ИНФРА-М, 2011 г. – 432 с.
4. <http://allsoft.ru/software/vendors/expert-systems/project-expert-7> (дата обращения 01.03.2012 г.)
5. Алиев, В. С. Бизнес-планирование с использованием программы Project Expert (полный курс). М. ИНФРА-М, 2013. - 351 с.
6. Project Expert. Руководство пользователя. М.: ПРО-ИНВЕСТ, 2000.
7. Аржаник Е.П. Финансовое моделирование в управлении проектами/ Вестник Санкт-Петербургского государственного экономического университета. Экономика. - № 5 (72), 2014. С. 97-99.

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Сапарбек М.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Merlia94@mail.ru

Кәсіпорынның тиянақты өмір сүруінің және жұмыс істеуінің кепілі тұрақтылық болып табылады. Оған әртүрлі себептер әсер етеді яғни, ішкі және сыртқы. Олар: сұранысқа ие әрі арзан тауарларды өндіру және шығару, тауар нарығындағы кәсіпорынның тұрақты жағдайы, жаңа технологияларды қолданудың жоғарғы деңгейі, серіктестермен экономикалық байланыстың жақсы болуы, тауар айналымының қалыптатылығы, шаруашылық және қаржылық қызметтердің тиімділігі, қаржылық қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдің төменгі деңгейін ұстап тұру және т.б. Мұндай әртүрлі себептердің болуы тұрақтылықты әр қырынан сипаттайды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір Мақсат, Бір Мүдде, Бір Болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы деп атап өткен болатын [1].


Кәсіпорынның ішкі тұрақтылығы – бұл өндірісті және өнімді жүзеге асыру кезіндегі материалдық-заттай және құндық құрылымның жағдайы және динамикасы болып табылады, сонымен қатар, кәсіпорынның тұрақты жұмыс істеуіне үлкен үлес қосады.

Ал, кәсіпорынның сыртқы тұрақтылығы экономикалық ортамен және нарықта болып жатқан жағдайлармен тікелей байланысты болып келеді.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына ішкі және сыртқы деп аталатын факторлар әсер етеді. Ішкі факторлар тікелей кәсіпорынның жұмысты ұйымдастыруына байланысты болады. Ал, сыртқы өзгерістер шамамен алғанда немесе мүлдем кәсіпорынның өкіміндегі шаруа емес. Өндірістік-тұрмыстық іс-әрекеттерді модельдей отырып, қаржылық тұрақтылықты басқаруға тырыса отырып және өндірістің тиімділігін жоғарылату мақсатында кешенді резервті іздеуді жүзеге асыра отырып кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтауға болады.

Алдымен сыртқы факторларды қарастырайық. Сыртқы факторлар дегеніміз – ұйымның сыртқы шегінде орналасқанымен оған өзіндік әсерін тигізе алатын барлық факторлар. Ұйым жұмыс жасауы керек болған сыртқы орта өзгерістерімен құпталған үзіліссіз қозғалыста болады. Сыртқы ортаның бұл өзгерістері кезінде ұйым өз жұмысын іске асыра алу қабілеттілігі оның сәттілігінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Сыртқы ортаның негізгі факторларын төрт күрделі топтарға бөліп, 1- суретте қарастырамыз:



Сурет 1- Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін сыртқы факторлар
Алынған көзі. Гаврилова А.Н., Попов А.А. Финансы организаций. 2010 [2,78с.]

- Саяси және құқықтық факторлар. Заңнамалық және мемлекеттік сипаттаманың түрлі факторлары ұйым әрекетіндегі құрамдас мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер деңгейіне әсер етуі мүмкін. Оларға: салықтық заңнамадағы өзгерістер; саяси күштің орналасуы; іскерлік орта мен басшылық арасындағы қарым-қатынас; патенттік заңнамалар; қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамалар; басшылық шығындар; қаржылық-несиелік саясат; мемлекеттік реттеулер; федералдық таңдаулар; шетел мемлекеттеріндегі саясат шарттары; мемлекет бюджетінің көлемі; басшылықтың өзге шетел мемлекеттерімен қатынасы жатады.

- Экономикалық факторлар жалпы халықтың денсаулық жағдайы, экономиканың тұрақтылығы және экономикалық циклдың даму кезеңдері ұйымның табысты болу қабілеттілігіне өз әсерін тигізеді. Макроэкономикалық климат ұйымдардың өзіндік экономикалық мақсаттарына жету мүмкіндігінің деңгейін анықтайды. Нашар экономикалық шарттар тауарға деген және ұйым қызметіне деген сұранысты азайтады, ал экономиканың жақсы жаққа қарай өзгерісі оның өсуінің алғышарты болуы мүмкін.

- Әлеуметтік және мәдени факторлар өмір сүру мен жұмыс жасау және тұтыну үрдісін қалыптастырады, сонымен қатар жалпылама алғанда түгел дерлік ұйымдарға белгілі деңгейде өз әсерін тигізеді. Жаңа үрдістер тұтынушы типін қалыптастырады және оған сәйкесінше ұйымның жаңа бағытын айқындай отырып тұтыну мен өзге тауарларға деген, өзге қызмет түрлеріне деген сұранысты арттырады.

- Технологиялық факторлар. Технологиялық даму өзгерістері және соңғы он жылдық ішінде жүзеге асқан жаңалықтар, мысалға роботтар арқылы жасалынатын өндіріс, адамның күнделікті өміріне компьютердің араласуы, байланыстың жаңа түрлері, транспорттың жаңа түрлері, қару – жарақтың жаңа түрлері және өзге де жаңалықтар ұйым менеджерлері түсініп,


бағалауы керек болған үлкен мүмкіндіктерге жол ашуымен қатар үлкен қауіп қатер төндіреді.

Қаржылық тұрақтылыққа сонымен қатар мемлекет экономикасы орналасқан экономикалық цикл фазасы да өз әсерін тигізеді. Дағдарыс кезінде өнімді тұтыну деңгейі өнімнің шығарылу деңгейінен төмен болады. Қосымша тауарларға деген инвестиция көлемі азаяды, бұл да өз кезегінде тауар өтімділігін төмендетеді. Сонымен қатар, экономикалық әрекет субъектілерінің кірісі түгел дерлік төмендейді, табыстың абсолюттік масштабы да біршама қысқарады. Мұның барлығы кәсіпорынның төлемге қабілеттілігінің жойылуына алып келеді. Дағдарыс кезінде банкроттық күшейе түседі.

Төлемге қабілетті сұраныстың төмендеуі дағдарыспен сипатталады және төлемге қабілетсіздіктің өсуімен қатар бәсекелестік күрестің артуына алып келеді. Бәсекелестік күрес деңгейі қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін сыртқы факторлар қатарына жатады.

Қаржылық тұрақтылықтың маңызды микроэкономикалық факторы ретінде қаржылық сауданың өсу деңгейінен басқа, салықтық және несиелік саясат, қауіпсіздік ісі және сыртқы байланыстан басқа валюта айырымы курсы және кәсіподақ күші мен ұстанымы әсер етеді.

Енді ішкі факторларды 2-суретте қарастырайық .



Сурет 2 - Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін ішкі факторлар
Алынған көзі. Грачев А.В. Финансовая устойчивость предприятия: критерии и методы оценки в рыночной экономике. 2010 [3,115с.]

Ұйымның қаржылық тұрақтылығына ішкі әсер етуші факторлар ретінде төмендегілерді қарастыруға болады:

- кәсіпорынның салалық қажеттіліктері;
- шығарылып жатқан өнімнің құрамы мен құрылымы және оған деген сұраныс (қызмет) мөлшері;
- кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері;
- кәсіпорын шығынының көлемі мен құрылымы және олардың кәсіпорын кірісімен салыстырғандағы қозғалысы;
- жинақталған қор мен резервтерді қоса санағандағы қаржылық қор мен меншік жағдайы және олардың құрылымы мен құрамы.

Олардың кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына тигізетін ортақ әсерінің деңгейі жоғарыда келтірілген факторлардың қатынасына және осы уақыттағы кәсіпорын орналасқан өндірістік цикл кезеңіне тәуелді, сонымен қатар, ол кәсіпорын менеджерлерінің мамандандырылғанына және құзіреттілігіне тәуелді. Ұйымның сәтсіздікке ұшырауының бірден бір себебі кәсіпорын менеджерлеріне тәжірибенің жетіспеушілігі және олардың

күзiретiлiгiнiң төмендiгi екендiгiн, сонымен қатар, олардың қабiлетсiздiгi арқылы iшкi және сыртқы факторлардың өзгерiсiн қарастыру сәтсiздiктiң бiр себебi екендiгiн тәжiрибе көрсетiп отыр.

Кәсiпкерлiк табыс немесе тоқырауға ұшырау шығарылып жатқан өнiмнiң құрылымы мен құрамын таңдауға және орындалып жатқан жұмыс пен көрсетiлiнiп жатқан қызметке тәуелдi. Сондықтан да кәсiпорын не шығаратынын анықтап қана қоймай, оны қалай өндiретiнiн, яғни қандай технология қолданатынын, өндiрiс пен басқару қандай жүйе моделi бойынша жұмыс жасайтынын қателiксiз шешуi керек. Кәсiпорынның негiзгi шығыны осы сұрақтардың жауабына тәуелдi.

Кәсiпорынның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшiн шығынның жиынтық мөлшерi ғана емес, сонымен қатар, тұрақты және айнымалы шығындар арасындағы қатынас та маңызды.

Айнымалы шығындар (энергия көзiне, шикiзат, өнiм тасымалы және т.б.) кәсiпорын көлемiне пропорционал болып келедi. Тұрақты шығындар (өндiрiске немесе құрылғыны, орынды жалға алу, басқару, өтелiм, жарнама, банктен алынған несиенiң үстеме төлемi, қызметкерлердiң еңбекақысы және т.б.) – кәсiпорын көлемiне тәуелдi емес.

Кәсiпорынның өндiрiлетiн өнiмнiң (көрсетiлетiн қызметтiң) және өндiрiс технологиясымен тығыз байланысты кәсiпорын құрылымы және үйлесiмдi құрамы, сонымен қатар, оларды басқару стратегиясын дұрыс таңдау қаржылық тұрақтылығына әсер ететiн тағы бiр фактор болып табылады. Кәсiпорынның тұрақтылығы және кәсiпкерлiктiң потенциалдық нәтижелiлiгi кәсiпорынның қазiргi активтерiн басқару сапасына, яғни қандай және қанша айналым қаражаты жұмсалғанына, жинақталған қор мен ақшалай активтердiң көлемiне тәуелдi.

Егер кәсiпорын қордың көлемiн және жойылатын құрамның көлемiн төмендетсе, ол өндiрiске көп көлемде қаржы құюы мүмкiн, сондай-ақ үлкен көлемде табыс табуы мүмкiн. Сонымен қатар, бұл кезде төлемге қабiлетсiз өндiрiс және жинақталған қордың болмау себебiнен өндiрiстiң тоқтап қалу қаупi жоғарылайды. Кәсiпорынның ағымдағы активтерiн басқарудағы шеберлiк ұйым есебiнде кәсiпорынның ағымдағы әрекетiне қажеттi минималды қаражатты сақтап тұруымен байланысты.

Кәсiпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететiн келесi фактор – қаражаттың құрамы мен құрылымы және оларды басқарудағы тактика мен стратегияны дұрыс таңдау. Кәсiпорынның өзiндiк қаржылай қоры қаншалықты көп болса, ол нарықта өзiн соншалықты байсалды ұстай алады. Сонымен қатар, пайданың ортақ қосындысы ғана емес, оны бөлу құрамы және кәсiпорынның дамуына арналған өзiндiк үлестiң болуы маңызды болып табылады. Сондықтан да табысты бөлу мен пайдалануды бағалау кәсiпорынның қаржылық тұрақтылығын талдағанда бiрiншi болып қарастырылады. Кей жағдайларда табысты пайдалануға талдауды екi бағытта жүргiзу керек:

- бiрiншiден, ағымдағы әрекеттi қаржыландыру үшiн, айналым қаражатын қалыптастыру үшiн және төлем қабiлеттiлiктi бекiтуге;

- екiншiден, қаржылық шығындарды, бағалы қағаздарды инвестициялауға және т.б.

Нарықтағы қарыздар үшiн қосымша жұмылдырылған қаржылық құрам кәсiпорынның қаржылық тұрақтылығына өз әсерiн тигiзедi. Кәсiпорын қаржылық ресурстарды қаншалықты көп жұмылдыра алса, оның қаржылық мүмкiндiктерi соншалықты жоғары болады, бiрақ мұнымен бiрге қаржылық тәуекел өсе түседi. Кәсiпорын өз несиелiк қарыздарын уақытылы төлей ала ма? Бұл жағдайда резервтер төлемге қабiлеттi кәсiпорынға кепiлдеме ретiнде үлкен рөл ойнайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, кәсiпорынның тоқырауға ұшырамауы үшiн тек қана қаржылық талдама жүргiзiп қоя салу жеткiлiксiз, сонымен қатар, кәсiпорынның қаржылық тұрақтылығына тiкелей әсер ететiн факторларды да талдай бiлу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Астана. 17.01.2014ж www.akorda.kz
2. Гаврилова А.Н., Попов А.А. Финансы организаций .2010-78с.
3. Грачев А.В. Финансовая устойчивость предприятия: критерии и методы оценки в рыночной экономике. 2010-115с.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ АКТИВТІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бейсеуова А.Ә.

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: akerke_beiseuova@mail.ru

Банктің дамуы - елдің мүддесі. Қазіргі таңдағы дағдарысты ескерер болсақ, коммерциялық банктердің активті операцияларының жұмыс жүріп жатыр деп айтуға әбден болады. Себебі, сол активті операциялар арқылы несие алып, өз қажеттіліктеріне жұмсап жатыр деп айтуға болады. Сонымен, нарықтық экономикаға көшу жағдайында банктік салада коммерциялық банк әр түрлі операцияларды жүргізу кезінде өзіне қабылдайтын активті операцияларды бақылау дұрыстығының маңызы артады. Банктің активті операцияларын басқарудан алдын оның қаржылық жағдайын аса назар аудару қажет [1]. Қаржылық жағдайын жан-жақты тексерулер барысында мынадай сұрақтар қамтылады:

а) банктің қаржылық жағдайымен жүргізілетін операциялардың саласын анықтау.

Бұл активтер мен қассаны түгендеу, ішкі бақылау шараларын орындауын тексеру, белгіленген тәртіптерді сақтау мен құжаттардың дұрыс жүргізілуі;

ә) басқару сапасын бағалау, олар мыналарды қамтиды:

- операторлар жағынан басшылықтың бақылауын бағалау;
- банк басшылығына берілген құзіреттер мен олардың жүзеге асу тәртібін зерттеу;
- қызметкерлердің қызметке сәйкестігін және қайта дайындау тәртібі;
- иерархиялық құрылым мен екі жақты бақылау.

б) заңдар мен инструкцияларды сақтауына бақылау жасау.

Құжаттар мен заңдардың және белгіленген әдістердің сақталуын тексеру;

в) бухгалтерлік есеп беруді жүргізудің дәлдігі.

Аудиторлық тексеру нәтижесінде алынған санкциялар мен рекомендацияларды сақтау, келісімдер бойынша құжаттарды жүргізудің дәлдігін және дұрыстығын бағалау.

г) активтердің сапасын тексеру.

Операторлар кеңесімен жасалған несие саясатының толықтығы мынадай бағыттарды қамтиды:

- жеке тұлғалар мен компанияларға берілетін несиелердің қатынасы;
- банктер үшін қолайлы бағалы қағаздардың түрлері;
- бағалау тәртібі;
- несиелердің шекті көлемі;
- несиені бағалау әдістемесі;
- несиенің қайтарылуы мен несиелік қабілеттілігін бақылау;
- несиенің «ескіруі», пайыздардың тоқтатылуы мен несие бойынша шығындарды жабу үшін резервтерді құру.

д) банктің төлем қабілеттілігін бағалау. Бұдан кейін банктің төлем қабілеттігі мен банк балансы бағаланады [2]. Бұл әдетте банктің жоғары менеджментімен және аудиторлық жеке-жеке қарастыруды қамтиды.